

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ілияс Есенберлин атындағы
№15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Байниязова Нұргүл Жолмырзақызы	Мектеп директоры
Дағарова Айымгүл Шыныбекқызы	Мектеп директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Балғалиев Аққали Нұрлаұлы	Мектеп директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Карагулова Саулен Нурлановна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Имандосова Раиса Жомартовна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Джамангарина Гулнур Саматовна	Қамқоршылық кеңес төрайымы

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар;
2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар;
3. Білім алушылардың дағдылық деңгейіне өлшемшарттар;
4. Оқу мерзіміне өлшемшарттар.

«Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 970740000808 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 06 мамырында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 21 шілде. Заңды мекен-жайы: 030003, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, көшесі Н.В.Гоголь, үй 12. Электрондық мекен-жайы: i.esenberlin_15@mail.kz, Телефон: +7 (7132) 445867, 445868
- Мектептің техникалық паспорты 2018 жылы 8 қазанда жасалған. Қабат саны – 2, құрылыс ауданы – 2102,1. Ғимараттың ауқымы - 18504, жалпы алаң – 3385,1. салынған жылы – 1939 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 06.05.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 29 наурыздағы №93 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ-нің басқару органы - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі»; Құрылтайшысы - «Ақтөбе облысының әкімдігі».
- Жылжымайтын мүлік жөніндегі 08.10.2018 жылы берген техникалық төлқұжаты бар. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ №2108111820184028. Берілген уақыты 13.08.2021 жыл. Меншік иесі құқық иесі туралы жер учаскесінің кадастрлық № 02-036-091-052. Жер учаскесінің алаңы-0,6437 га. БИН: 970740000808.

- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 01.02.2018 жылы №KZ47AA00010898 тіркелген, мерзімі – шектелмеген.

Мектеп директоры Байниязова Нұргүл Жолмырзақызы 2017 жыл 24 қаңтар Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №16 бұйрығымен «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметіне тағайындалды.

• Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

• Мектептің қаржы-экономикалық жағы мектеп ішінде орналасқан. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

• «Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2015 жылы өтті.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша

Күшті жақтары:

1. Мектеп ұжымының жаңашылдықпен жұмыс жасауы;
2. Үздік білім беру ресурстары мен технологияларды пайдалануы ;
3. Оқу үрдісіндегі бағалау әдістемесінің жетілуі;
4. Ақпараттық-технологиямен жұмыс жасаудың толыққанды жүзеге асуы ;
5. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы оқушыларына жыл бойы ұйымдастырылған акциялар аясында мүмкіндігінше көмектер берілуі.
6. Мектеп оқушыларын түгел оқулықтармен қамтамасыз етілуі.
1. Биылғы оқу жылында мектеп кітапханасының әр түрлі көркем әдебиеттермен толықтырылуы.
2. Ата-аналармен мектеп психологтарының арасындағы жұмыстың жүйелі жүргізілуі.
3. Оқушы үнін тыңдау негізінде оқушылардың шығармашылығының артуы, қалалық, облыстық конкурстардағы жетістіктерінің көбеюі.
10. «Көшбасшы мектеп» жұмысының жүйелі жұмыс жасауы;
11. Kundelik.kz электрондық журналының толтырылуы бойынша қала бойынша алдыңғы орындарда болуы- мұғалімдердің сапалы, уақытында толтыруының көрсеткіші.
12. 9 «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың емтиханнан бағаларын қорғап шығуы.

Әлсіз жақтары:

1. Қашықтықтан оқытудан кейінгі оқу жылдарында оқушыларымыздың білім сапасында төмендеудің орын алуы ;

2. Облыстық, республикалық ғылыми жоба қорғау, шығармашылық байқауларда оқушылардың жетістіктерінің төмендеуі.
3. Республикалық деңгейде семинар, шебер кластар өткізу жұмыстарының төмендігі.
4. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған оқулықтардың болмауы.
5. Мектеп бағдарламасында өтетін ақын -жазушылардың шығармаларының кітапхана қорындағы тапшылығы.
- 6.Алфавиттік және жүйелік каталог жәшігінің жарамсыздығы.
7. Логопед кабинетінің қажетті құралдармен толық жабдықталмауы;

Мүмкіндіктері:

1. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану негізінде оқушылардың білім сапасын көтеруге;
2. Облыстық, республикалық деңгейлерде оқушы шығармашылығын дамыта отырып, жетістіктерге жетуге;
3. Республикалық деңгейде тәжірибе таратуға.
4. ЕББҚЕ оқушыларды оқытудың жаңа әдістерін (Тейптеу әдісін, массаж) оқып, пайдалану.

Алдағы оқу жылына ұсыныс:

1. Оқушылардың білім сапасын арттыру бағытында жұмыстану;
2. Оқушы біліміндегі олқылықтарды жою бағытында жұмыстану;
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жүйелі жүргізу;
4. Облыстық, республикалық ғылыми жоба жүлдегерлерін дайындау бағытында жұмыстану;
5. Түрлі деңгейлердегі оқулар мен шығармашылық бағыттағы байқауларға оқушыларды қатыстыра отырып, нәтижеге жету.
6. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылардың мектепшілік үйірмемен қатар, мектептен тыс үйірмелер, секцияларға қатысу жұмысын жетілдіру үшін ата-аналарға түсіндіру, насихаттау жұмысын көбірек жүргізу;
7. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын, Мектеп Парламенті жұмысын жандандыру;
8. Класс жетекшілердің іс-тәжірибе тарату жұмысын жандандыру, облыстық семинарлар өткізу жұмысын жолға қою.
9. Қайырымдылық акциясы аясында жекелеген санат тізіміндегі оқушыларға демеушілік көрсету.
10. Кітап қорын қазақша әдеби кітаптармен және оқу бағдарламасына енген ақын-жазушылардың шығармаларымен толықтыру.
11. Кітап қорын электронды каталогқа енгізу .
12. Логопед кабинетін қажетті құралдармен жабдықтау; (тілдің массажаына қажетті зонд құралдары, кабинетті сумен қамтамасыз ету, кушетка)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары тексерілді. Оқу жоспарына сай Kundelik.kz электрондық журналынан күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар текерілді. Талапқа сай салынған.

2022-2023 оқу жылына мектептің оқу жұмыс жоспарын жасауда төмендегі нормативтік – құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

- ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 39-қосымша 10-11 кластар үшін; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы

орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 5-9 кластар үшін оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы.
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;
- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы.
- Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

2022-2023 оқу жылында

Оқу жұмыс жоспарының негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығын орындау және жүзеге асыру.

I. Мектепалды даярлық топтары бойынша

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымшасы Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымшасымен бекітілген Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын негізге ала отырып құрылды.

II. Бастауыш білім беру деңгейі

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

Вариативтік компоненттен сағаттар келесідей бөлінді:

Оқу жоспарының белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

1. Ғажайып математика: 1 «А», 1 «Ә», 2 «А», 2 «Ә», 3 «А» 3 «Ә», 3 «Б», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» - 1 сағат

III. Негізгі білім беру деңгейі

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. Оқу жоспарының инварианттық компонентінен

ағылшын тілімен кіріктіріп оқытуды химия пәнінен 9 “Ә” класына CLIL технологиясы бойынша оқытылу жүргізіледі.

Оқу жоспарының вариативті компоненттің жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында төмендегідей сағаттар бөлініп беріледі:

1. 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 5 «В»- 0,5 сағат
2. 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б»- 0,5 сағат
3. 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б»- 0,5 сағат
4. 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б»- 0,5 сағат
5. 9 «А», 9 «Ә»- 1 сағат

IV. Жалпы орта білім беру деңгейі

2022-2023 оқу жылында 10 «А», «Ә», 11 «А», «Ә» класс оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша оқиды. Бұл бағыт оқушылар мен ата –аналардың тандауы мен өтініші негізінде алынды. 10-11 сыныптарының вариативті компонентін бөлу кезінде оқушылардың мемлекеттік бітіру емтиханына даярлық сапасын арттыру және бейіндік пәндер бойынша білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатындағы курстар таңдалып отыр. «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Оқу жоспарының вариативті компоненттің жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында 10-11 класс оқушыларына төмендегідей сағаттар берілді:

1. 10 «А», «Ә», 11 «А», «Ә» - 1 сағат

Элективті курстар төмендегі ретте бөлініп берілді:

1. Химия заңдылықтары мен есептеулері- 10 «А», 10 «Ә» - 1 сағат
2. Микробиология- 10 «А», 10 «Ә»- 1 сағат
3. Әлем шаруашылығы-ғаламдық географиялық жүйе-11 «А»- 1 сағат
4. Физика есептерін шығару әдістемесі- 11 «А», 11 «Ә»- 1 сағат
5. Биохимия және тіршілік-11 «Ә»- 1 сағат

V. Инклюзивті білім беру. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 1-қосымшасымен оқытылатын ерекше білім беруге қажет ететін оқушылардың кластары: 1 “Ә”, 2 “Ә”, 3 “А”, 3 “Ә”, 4 “Ә”. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша оқытылатын ерекше білім беруге қажет ететін оқушылардың кластары: 5 “Ә”, 9 “А”.

VI. Үйден оқыту. 2022-2023 оқу жылында денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт мектепке келе алмайтын оқушыларға арналған үйден оқытылудың үлгілік оқу жоспарлары 4 класс оқушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 53-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53-қосымша, 11 класс оқушысына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 57-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 57-қосымшасына сәйкес білім алады.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

№15 орта мектебінің тәрбие беру жұмысының мақсаты: Отаншылдық рухы кемел, патриоттық сезімі жоғары, өмірлік тәжірибені жинақтай білетін бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

ТӘРБИЕНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Азаматтық белсенділік, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
 - Өз халқының салт-дәстүрін біліп, құрметтеуге, сүюге, сақтау жолдарын дамыту;
 - ҚР мемлекеттік нышандарын біліп, құрметтей білу мәнін арттыру;
 - Құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
 - Баланың денсаулығына зиян келтіретін зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу шараларын жүзеге асыру;
 - Қауіпсіздік ережесін сақтауға баулу, қылмыс жасау мен құқықбұзушылықтың алдын алуы;
 - Діни экстремизмнің алдын алуы;
 - Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
 - Ата-аналармен жұмысты жандандырып, жалғастыру;
 - Шығармашылық бағыттағы үйірмелер жұмысын күшейті.
- Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектептің тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаға сәйкес келесі тақырыпта іс-шаралар жоспарланып өткізілді.
- жоспарланып өткізілді.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығымен бекітілген тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарының негізінде, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалынды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құруға бағытталды.**

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық, адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие, этникалық мәдениет тәрбиесі
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2022-2023 оқу жылы басында класс жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспары, құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары құрылып бекітілді.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепте төмендегідей үйірме жұмыстары ұйымдастырылып, жетекшілері бекітілді.

Көркемдік – шығармашылық үйірмелер:

№	Үйірме аттары	Жетекшісі
1	«Ғажайып бояу сыры»	Класс жетекшілер
2	«Шебер қолдар»	Класс жетекшілер

3	«Көркем жазу»	Класс жетекшілер
4	«Сиқырлы сахна»	Класс жетекшілер
5	Шешендік өнер	Класс жетекшілер
6	Сахна мәдениеті	Мусрали Д
7	Фантазия театр үйірмесі	Мусаева Ж
8	Дебат	Биғапылов Е
9	Балдаурен хор үйірмесі	Әбдібекова Б
10	Вокал үйірмесі	Әбдібекова Б
11	Қолөнер үйірмесі	Шаңғытбаева Г

Көркемдік-шығармашылық үйірмеге барлығы **270 оқушы, 59,1 пайыз** құрап отыр.

Пән мұғалімдері оқушыларды түрлі шығармашылық сайыстарға қатыстырып, төмендегідей жетістіктер алып келді:

Музыка пәні бойынша

3. «XXI ғасыр дарындары» атты жылдық ашық Республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалінің «эстрадалық вокал» номинациясы бойынша Асан Бекболат **3-ші дәрежелі** дипломмен марапатталды.

4.«XXI ғасыр дарындары» атты жылдық ашық Республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалінің «эстрадалық вокал» номинациясы бойынша

Сырлыбаева Диана **3-ші дәрежелі** дипломмен марапатталды.

Оқушылар жетістігі:

Музыка пәні бойынша:

Республикалық :

1.«XXI ғасыр дарындары» атты жылдық ашық Республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалінің «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша

Асан Бекболат 3 дәрежелі Диплом.

Сырлыбаева Диана.2 дәрежелі Диплом, марапатталды

2.Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен 1-4 класс оқушыларына арналған

«Жарқыра, жас жұлдыз!» атты III Республикалық шығармашылық байқауының «Вокал» номинациясы бойынша жеңімпазы

Диана .Диплом 1 дәрежелі.

Нұрдаулет.Диплом 1 дәрежелі.

Аянат.Диплом 2 дәрежелі

3. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен 1-4 класс оқушыларына арналған «Жарқыра, жас жұлдыз!» атты III Республикалық шығармашылық байқауының «Хор» номинациясы бойынша жеңімпазы «Балғын шақ» әні. Диплом.Лауреат 2 дәрежелі.

Нұрғабылқызы Әсем.

Сырлыбаева Диана.

Әбдықали Аянат

Қоныс Тоқжан.

Еділхан Аяулым.

Болатбек Тұрсынбек.

Қаратай Қарақат.

Болат Адина

4. Атадан-мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған «Ақжелең» V Республикалық байқауында “Вокал”

номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін

Диана Диплом 2 дәрежелі

Әсем Диплом 3 дәрежелі

Көркем еңбек пәні бойынша:

Қалалық:

1. «Мен және өрт қауіпсіздігі» қалалық жас суретшілер байқауына белсене қатысқаны үшін 5 Б класс оқушысы Картан Гүлдана сертификатпен марапатталды.

Сырлыбаева

Асан

Әбдықали

Сырлыбаева

Нұрғабылқызы

2. «Мен және өрт қауіпсіздігі» қалалық жас суретшілер байқауына белсене қатысқаны үшін 5 Б класс оқушысы Уразғалиева Камила III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Республикалық:

4. «Алтын күз-2022» атты III Республикалық байқауына 5 А класс оқушысы Саденова Перизат қатысып I дәрежелі дипломмен марапатталды.

5. «Алтын күз-2022» атты III Республикалық байқауына 6 А класс оқушысы Карбозова Еркеназ қатысып I дәрежелі дипломмен марапатталды.

жетекшілері: Шанғытбаева Г.Н

6. «Алтын күз-2022» атты III Республикалық байқауына 5Ә класс оқушысы Мырзажан Бекжан қатысып I дәрежелі дипломмен марапатталды. жетекшісі: Танирбергенов Н

7. «Алтын күз-2022» атты III Республикалық байқауына 5 Ә класс оқушысы Мейрамбек Нурислам қатысып сертификатқа ие болды.

жетекшілері: Танирбергенов Н

8. «Алтын күз-2022» атты III Республикалық байқауына 5Ә класс оқушысы Медетов Әбілмансур қатысып сертификатқа ие болды.

жетекшілері: Танирбергенов Н

9. «Алтын күз-2022» атты III Республикалық байқауына 5Ә класс оқушысы Мусабай Әли қатысып сертификатқа ие болды. жетекшілері: Танирбергенов Н

Оқушылар жетістігі:

Көркем еңбек пәні бойынша:

Қалалық:

1. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары және қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиелінушілері арасында өткізілген «Қазақтың ұлттық бұйымдары» **қалалық** қолөнер байқауында Қайыржанқызы Алтынай 9 «Ә» класс оқушысы III дәрежелі дипломға ие болды.

2. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары және қосымша білім беру ұйым оқушылары арасында «Менің сүйікті ертегім» **қалалық** сурет байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін Саденова Перизат 5 «А» класс оқушысы II дәрежелі дипломмен марапатталды.

3. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары және қосымша білім беру ұйым оқушылары арасында «Менің сүйікті ертегім» **қалалық** сурет байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін Ұзақбаева Анара 8 «А» класс оқушысы II дәрежелі дипломмен марапатталды

Спорттық үйірмелер:

№	Үйірме аттары	Жетекшісі
	Волейбол ер балалар	Құлынбаев А.А.
1	Волейбол қыз балалар	Зайрымбетов М.І.
2	Футбол ер балалар	Аязбаев С.А.
3	Тоғызқұмалақ	Зайрымбетов М.І.
4	Үстел теннисі	Нұржанова Ж, Бөрібайұлы К
5	Баскетбол	Бөрібайұлы К

Спорттық үйірмеге – барлығы 170 **оқушы, 74,5 пайыз** қамтылып отыр.

Мектепішілік үйірмеге 440 қатысым **65,8 пайызды** көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының 13 пайызы мектептен тыс спорттық үйірмелерге (90 оқушы) қатысады.

Жалпы мектеп оқушыларының ішінде 530 оқушы ішкі, сыртқы спорттық үйірмемен қамтылып, 79,3 % сапаны көрсетіп отыр.

Осы оқу жылында үйірме жетекшілері оқушыларды түрлі спорттық сайыстарға қатыстырып, нәтижесінде төмендегідей жетістіктер көрсетті:

Оқушылар жетістігі:

1. **Республикалық** : Футболдан Ақтөбе футболының ардагері Н.Б Шалекеновты еске алуға арналған 2009 -2010ж.т жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирінде Нұрлыбеков Мәди Іорынға ие болды.

2. Футболдан Ақтөбе қаласының әкімінің жүлдесіне арналған Республикалық қалалық ашық турнирінде Байғалиев Әлихан Іорынға ие болды. жетекшісі Аязбаев С.

2022-2023 оқу жылында тәрбиенің 8 бағыты бойынша өткізілген шаралар: Білім күніне орай “Тәуелсіздік жетістіктері” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, «Электр тоғынан сақтанайық» төтенше жағдай департаментінің қауіпсіздік сабақтары, «Өмір бойы жарқыраған күлкі» облыстық денсаулық сақтау ассоциациясымен біріккен денсаулық сабақтары, «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» патриоттық сабақтар, «Қош келдің, Жаңа Жыл!» сынып сағаттары, «Мен жарқын болашақты таңдаймын», «Жемқорлыққа жол жоқ» құқық сағаттары, «Бірлік түбі-береке» бірлік сабағы, «Ерлік елге ұран, ұрпаққа мұра» ерлік сабақтары, «Отбасы құндылығы- сарқылмас қазына», «Өрт қауіпсіздігі негіздері» тақырыптарында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді

Оқу жылы бойынша түрлі мерекелер қарсаңында тақырыптық шаралар, апталықтар, айлықтар өткізілді:

Қыркүйек айында «Отбасым-бақыт мекенім», «Абайлаңыз балалар!» апталықтары, «Мемлекеттік тіл-ұлт тірегі» тіл айлығы, қазан айында қарттар күні, ұстаздар күніне арналған мерекелік шаралар, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізілді. Сайлау барысын 9 А класс оқушысы Карим Томирис мектеп Ұланбасы болып сайланды, жыл бойы бағдарлама негізінде «Жас Ұлан» ұйымы қалалық оқушылар Сарайымен бірлесе жұмыс жіргізуде.

Қараша айында «Табиғат айнасы» апталығы, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы, желтоқсан айында «І.Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығы» онкүндігі, «Менің құқығым мен міндеттерім» апталығы, ҚР Тәуелсіздігіне арналған онкүндіктер және Мектепішілік Парламент сайлауы өтті, сайлау нәтижесінде Мектеп Президенті 10 А класс оқушысы Ещанов Арсен сайланды, 8 фракция бағытында мектеп парламентімен бірге өзін-өзі басқару бағытында түрлі жұмыстар атқарды. Қаңтар, ақпан айында «Азаматтық қорғаныс» айлығы, «Біз біргеміз» еріктілер апталығы, наурыз айында «Алғыс айту күні», «Көрісу күні», «Ұлыстың ұлы күні-Әз Наурыз!» мерекелік шаралар өткізілді. Сәуір айында «Қауіпсіз интернет» апталығы, мамыр айында «Ұлы Жеңістің 78 жылдығы» апталығы, «Халықаралық отбасы күніне» арналған апталық, «Өрт қауіпсіздігі» апталығы өтті. 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектеп ауласында мерекелік шара ұйымдастырылды, оқушыларға түрлі ойындар ойнатылып өз өнерлерін көрсетті және мектеп тарапынан балларға тегін балмұздақ таратылды. 15 маусым күні 9-кластарға негізгі мектепті бітіргендігі туралы аттестат тапсыру салтанатты шарасы, 22 маусым күні 11-класс оқушыларына аттестат беру шарасы өткізілді. Сонымен қатар мектебімізде «Ер батыр» ер балалар клубы, жетекшісі Сатекеев Б, «Сымбат» қыз балалар клубы, «Ұлағат» әкелер мектебі, жетекшісі Зайрымбетов М., «Шуақ» аналар мектебі, жетекшісі Кенжеғалиева К жұмыс жасады.

«Ұлағат» әкелер мектебінің жұмысы: 2022 жылдың 02 қыркүйек айында мектепішілік №163 бұйрық негізінде мектебімізде әкелер, аналар мектебі құрылып, жетекшілері бекітілді. Әкелер мектебінің төрағасы Зайрымбетов М., құрамында 8 әке бар, бірлесіп жоспар құрып, түрлі іс-шараларды жүзеге асырды. Әкелер мектебінің жұмыс жоспары бойынша тоқсанына 1 рет отырыс өткізілді, күзгі демалыс кезінде кешкі рейдтік шараларға қатысты, әкелер мектебінің жетекшісі Мейрамбек ағайдың ұйымдастыруымен «Аяла» қайырымылық мекемесіне барып, желтоқсан айында мекеменің қар тазалау жұмыстарына қолғабыс тигізді. 7 мамыр Отан қорғаушылар күні қарсаңында 3 Ә класс ата- анасы Жаңбырбаев Ж класс жетекшісімен бірігіп ерлік тақырыбында тәрбие сағатын өткізді, мамыр айында отбасы күні мерекесі қарсаңында 3-4 класс оқушылары ата-аналарымен бірге «Ата-анам және мен» спорттық сайысқа, «Отбасым менің-мақтанышым», «Екі жұлдыз» тақырыбындағы ән байқауына балаларымен бірігіп қатысты. Сәуір, мамыр айларында мектеп ауласын абаттандару, көгалдандыру жұмыстарына ат салысты.

«Шуақ» аналар мектебінің жұмысы: 2022 жылдың 02 қыркүйек айында мектепішілік №166 бұйрық негізінде мектебімізде аналар мектебі құрылып, жетекшісі Кенжеғалиева К бекітілді, құрамында 10 ана бар. Осы оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасап, жоспар бойынша мектеппен бірлескен түрлі шаралар өткізілді. Қараша айында «Шуақ» аналар кеңесі мүшелері класс жетекшілермен бірге «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» тақырыбында конференция өткізді. Желтоқсан айында мектебіміздегі аналар қауымының қолдауымен

«Қамқорлық» акциясы кезінде мектепшілік жәрмеңке өткізіліп, акция кезінде мектебіміздегі жекелеген санаттағы оқушылар, ерекше білім беруді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылардың барлығы жаңа жыл мерекесі қарсаңында жаңа жылдық тәттілермен қамтамасыз етілді. «Алтын күз», Наурыз мерекесіне орай барлық шараларға ат салысып отырды. Мектебіміздің ата-аналары мектеп ауласын абаттандыру, көгалдандыру жұмысына да өз үлестерін қосып, белсенділік танытты.

«Ер батыр» ер балалар клубының жұмысы: 2022-2023 оқу жылының басында «Ер батыр» ер балалар клубының жылдық жоспары құрылып мектеп директорының №165 бұйрығы негізінде жұмыс бастауын алды. Жұмыстың мақсаты: ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім ораната отырып, бүгін мен болашаққа деген жауапкершілікті қалыптастыру. Осы орайда жыл әр тоқсан сайын ер балалар жиналысы жүргізілді. Жыл бойына мектептегі ер балалардың киім кию стилі, шаш үлгісі, тәртібі сабақ үлгерімдеріне бақылау жасалды.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған міндеттерінің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуы. Ақтөбе қаласы ПҚ Алматы ауданы № 3 ҚІБ КІТЖ УПИ полиция капитаны А.Нейталиев, полиция лейтенанты А.Саламас, директордың тәртіп ісі жөніндегі орынбасары С.Карагулова, «Ер батыр» ұлдар клубының жетекшісі Б.Сатекеев пен «Сымбат» қыз балалар клубының жетекшісі А.Сабанбаеваның қатысуымен 9,10,11 класс оқушыларына «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында профилактикалық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Шараның мақсаты: оқушыларға ұсақ бұзақылық, есірткі тарату, кешкі көше тіртібі, мектеп ережесін сақтау және қазіргі таңда жастар арасында кең таралған электронды темекінің жасөспірімдер денсаулығына зияны туралы мәлімет беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Ер батыр» ер балалар клубының жетекшісі Сатекеев Бакытбек және мектеп психологы Бекетов Қуанышбектің ұйымдастыруымен 9-10 класс оқушыларымен бірге «Аяла өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» мекемесінің ауласына тазалық жұмыстарын жүргізіп орталық басшылығы мен тәрбиеленушілерінің ыстық ықыласына ие болды. Мақсатымыз: қамқорлық, табиғатқа жанашырлық, еңбек етуге құштарлық, өзгеге көмек қолын созу секілді қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіріп саналы ұрпақты қалыптастыру. Қараша, наурыз айларында күзгі, көктемгі демалыс кезінде ер балалармен бірлескен спорттық сайыстар өткізді, «Бозбала мен бойжеткен», дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен бірлесе отырып 7-8 класс оқушыларына спорттық эстафета ұйымдастырылды. Сондай-ақ мектеп психологтарымен бірлесе отырып коррекциялық, кеңес беру жұмыстары, ЖОО, колледж мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды. Жыл бойына жоспарланған жұмыстар жоғары деңгейде жүргізіліп мектептің ер балалары түрлі қоғамдық, қайырымдылық жұмыстарға ат салысқанын толық сеніммен айтқым келеді.

Сонымен қатар, мектепте “Сенім телефоны”, “Сенім жәшігі” жұмыс жасайтындығы жөнінде психологтар ақпараттық жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар жұмыс жоспарына сай тимбилдинг, сауалнама жүргізу, тақырыптық тренингтер өткізіп отырады.

Оқушыларға түрлі тақырыптарда ЖИТС, ЗОЖ орталығының, Желілік полиция, қалалық полиция бөлімінің, Ақтөбе адалдық алаңының, «Аңсар» орталығының, денсаулық сақтау орталықтарының мамандарымен дәріс оқу, түсіндірме жұмысын жүргізу мақсатында кездесулер жүргізілді.

“Бірінші байлық- денсаулық” деп дана халқымыз айтқандай еліміздің әр бір азаматы зиянды әдеттерден сақтануы керек. Осы орайда мектеп оқушыларына әдеп қағидаларын меңгерте отырып, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға шықыру, салаутты өмір салтын ұстануға дағдыландыру мақсатында “Зиянды заттардың алдын алу” тақырыбында АО КДЦ психологы Сатаева Әсел Канибаевна мен мектеп медбикесі Жумашева Куляш Кушаевнаның қатысуымен кездесу өтті. Оқушылардың арасындағы құқықбұзушылық пен булингтің алдын алу бойынша Ақтөбе облысының ғылыми тәжірибелік орталығының әдіскері Тоқсанбаева Арайлым Амангелдіқызы мен Ақтөбе қаласы #3 ҚІБ КІТЖ УПИ полиция лейтенант Г.Каримсакованың қатысуымен 8-9-10-11 класс оқушыларына кездесу өтті. 8-9-10-11 класс қыз балаларына

арналған "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" атты тақырыпта кездесу өтті. Кездесуге мектебіміздің қамқоршылық кеңестің төрайымы Джамангарина Гүлнұр Саматовна, қамқоршылық кеңестің мүшесі, ардагер ұстаз Исламғалиева Майра, "Сымбат" қыз балалар клубының жетекшісі Сабанбаева Айнұр, мектеп психологы Сейтова Гүлнар қатысып, қыз тәрбиесіндегі өзекті мәселелер талқыланды. "Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі" демекші, қазақ қыз баланы "Тіршіліктің тірегі, әлемдегі ізгіліктің алтын діңгегі, жарық дүниедегі әдемілік пен сұлулықтың тәңірі" деп бағалаған. Сондықтан да қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. 7,8,9,10,11 класс оқушыларының қатысуымен "Ерте жүктіліктің алдын алу, қыз бала гигиенасы" тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге ЖИТС орталығының маманы Матаева Меруерт Қанатқызы, АОКДЦ психолог мамандары Сатаева Әсел Канибаевна, Жексенбай Жанаргүл Мұңайбайқызы және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Карагулова мен "Сымбат" қыз балалар клубының жетекшісі А.Сабанбаева, мектеп психологі Г.Сейітова қатысты.

«Электронды темекінің ағзаға әсері» тақырыбында ЗОЖ орталығының мамандары Сатаева А, Ережепова Г, "Дінсіз тәрбие- тамырсыз көшет" тақырыбында 9-10 класс оқушыларымен кездесу өтті. Кездесуге дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталықтың теолог маманы Ұзақбаев Әділжан Берікбайұлы мен психолог Тулепбергенов Тимур Тайбекович қатысты. Ә.Ұзақбаев оқушыларға дін мен дәстүрдің байланысы, экстремизм мен терроризмнің қоғам өміріне қауіпі, дәстүрлі емес діни бірлестіктердің белгілері туралы айтып өтті және т.б мамандармен кездесулер өткізілді. Мектепке бекітілген инспектор Г.Қаримсақова кестеге сай келіп, оқушыларға қылмыс пен тәртіпбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады, мектептің ер мұғалімдерінен құрылған «Тәртіп сақшылары» мектеп инспекторымен бірге жедел алдын алу шаралары кезінде кешкі рейдтерге шығып отырды.

Жоғарғыдағы айтылған жұмыстарды қорытындылай келе, жаңа 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға берілетін **ұсыныстар**:

- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылардың мектепішілік үйірмемен қатар, мектептен тыс үйірмелер, секцияларға қатысу жұмысын жетілдіру үшін ата-аналарға түсіндіру, насихаттау жұмысын көбірек жүргізу;
- Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын, Мектеп Парламенті жұмысын жандандыру;
- Класс жетекшілердің іс-тәжірибе тарату жұмысын жандандыру, облыстық семинарлар өткізу жұмысын жолға қою.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнемендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023 оқу жылының басында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 11 көркемдік-шығармашылық (ғажайып бояу сыры, шебер қолдар, көркем жазу,) және спорттық 5 (волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, баскетбол, үстел теннисі) үйірмелері ашылды. Оқу жылының басында үйірме жетекшілерінің жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері бекітіліп, қатысатын оқушылар тізімі нақтыланды.

Спорттық үйірмелер:

№	Үйірме аттары	Жетекшісі
	Волейбол ер балалар	Құлынбаев А.А.
1	Волейбол қыз балалар	Зайрымбетов М.І.
2	Футбол ер балалар	Аязбаев С.А.
3	Тоғызқұмалақ	Зайрымбетов М.І
4	Үстел теннисі	Нұржанова Ж, Бөрібайұлы К
5	Баскетбол	Бөрібайұлы К

Көркемдік – шығармашылық үйірмелер:

№	Үйірме аттары	Жетекшісі
1	«Ғажайып бояу сыры»	Класс жетекшілер
2	«Шебер қолдар»	Класс жетекшілер
3	«Көркем жазу»	Класс жетекшілер
4	«Сиқырлы сахна»	Класс жетекшілер
5	Шешендік өнер	Класс жетекшілер
6	Сахна мәдениеті	Мусрали Д
7	Фантазия театр үйірмесі	Мусаева Ж
8	Дебат	Биғапылов Е
9	Балдаурен хор үйірмесі	Әбдібекова Б
10	Вокал үйірмесі	Әбдібекова Б
11	Қолөнер үйірмесі	Шаңғытбаева Г

Үйірме жұмысының жетекшілерінде жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Үйірме жұмыстарына мектеп оқушыларының қатыстырылуы қамтамасыз етіліп, мектепішілік үйірмеге, оның ішінде

Көркемдік-шығармашылық үйірмеге:

- 1.«Ғажайып бояу сыры» 1 класстарда 30 оқушы,
2. «Шешендік өнер» 2 кластарда-45 оқушы
3. «Сиқырлы сахна» 3 кластарда- 45 оқушы
4. «Қолөнер-сырлы өнер» 4 класс аралығында -60 оқушы,
5. «Балдаурен» балалар хор үйірмесі-20 оқушы,
6. «Вокал» үйірмесі-10 оқушы
7. Қолөнер қыздар үйірмесі-10
8. Қолөнер ұлдар үйірмесі-10 оқушы
9. Фантазия театр үйірмесі-10 оқушы
- 10.Сахна мәдениеті үйірмесі-10 оқушы
11. Дебат үйірмесі-20 оқушы

Көркемдік-шығармашылық үйірмеге барлығы **270 оқушы, 59,1 пайыз** қамтылып отыр.

Спорттық үйірмеге:

Волейболдан ер балалар арасында 20 оқушы,
 Волейбол қыз балалар 20 оқушы,
 Футболдан ер балалар арасында 26 оқушы,
 Тоғызқұмалақ – 43 оқушы,
 Үстел теннисі -40 оқушы
 Баскетбол үйірмесі-21

Спорттық үйірмеге – барлығы **170 оқушы, 74,5 пайыз** қамтылып отыр.

Мектепішілік үйірмеге 440 қатысым **65,8 пайызды** көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының 13 пайызы мектептен тыс спорттық үйірмелерге (90 оқушы) қатысады.

Жалпы мектеп оқушыларының ішінде 530 оқушы ішкі, сыртқы спорттық үйірмемен қамтылып, 79,3 % сапаны көрсетіп отыр.

Осы оқу жылында үйірме жетекшілері оқушыларды түрлі спорттық сайыстарға қатыстырып, нәтижесінде төмендегідей жетістіктер көрсетті:

Оқушылар жетістігі:

1. **Республикалық** : Футболдан Ақтөбе футболының ардагері Н.Б Шалекеновты еске алуға арналған 2009 -2010ж.т жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирінде Нұрлыбеков Мәди Іорынға ие болды.

2.Футболдан Ақтөбе қаласының әкімінің жүлдесіне арналған Республикалық қалалық ашық турнирінде Байғалиев Әлихан Іорынға ие болды.

Музыка пәні бойынша

3. «XXI ғасыр дарындары» атты жылдық ашық Республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалінің «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша Асан Бекболат **3-ші дәрежелі** дипломмен марапатталды.

4.«XXI ғасыр дарындары» атты жылдық ашық Республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалінің «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша Сырлыбаева Диана **3-ші дәрежелі** дипломмен марапатталды.

Оқушылар жетістігі:

Музыка пәні бойынша:

Республикалық :

1.«XXI ғасыр дарындары» атты жылдық ашық Республикалық балалар және жастар шығармашылығы фестивалінің «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша Асан Бекболат 3 дәрежелі Диплом.

Сырлыбаева Диана.2 дәрежелі Диплом,марапатталды

2.Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен 1-4 класс оқушыларына арналған «Жарқыра, жас жұлдыз!» атты III Республикалық шығармашылық байқауының «Вокал» номинациясы бойынша жеңімпазы

Диана .Диплом 1 дәрежелі.

Сырлыбаева

Асан

Нұрдаулет.Диплом 1 дәрежелі.

Әбдықали

Аянат.Диплом 2 дәрежелі

